

"2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 2162 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет мынадай көлемде атқарылуға қабылдансын, оның ішінде 2010 жылға:

1) кірістер - 3 413 771 966 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер - 1 886 864 566 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 59 711 418 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 26 378 092 мың теңге;

трансферттердің түсімдері - 1 440 817 890 мың теңге;

2) шығындар - 3 897 666 677 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру - 35 467 864 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер - 138 985 636 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 103 517 772 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 284 278 703 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу - 284 778 703 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 500 000 мың теңге;

5) тапшылық - -803 641 278 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өніміне 4,2 пайыз;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 803 641 278 мың теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.01 № 150, 2010.03.31 № 250, 2010.10.12 № 1053 Қаулыларымен.

2. Қоса беріліп отырған:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес (қызмет бабында пайдалану үшін) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бюджеттік инвестициялық жобаларының тізбесі бекітілсін.

3. Мыналар:

1) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін күтіп-ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

2) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін күтіп-ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

3) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне "Өзін-өзі тану" пәнін енгізу үшін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

"Өзін-өзі тану" кабинеттері үшін жабдықтар сатып алуға;

мектепке дейінгі ұйымдарды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, біліктілік арттыру институттарын "Өзін-өзі тану" пәні бойынша оқу материалдарымен қамтамасыз етуге;

4) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын әлеуметтік қамсыздандыру объектілерін күтіп-ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

5) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

6) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

7) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне медициналық-әлеуметтік мекемелерде күндіз емделу бөлімшелері желісін дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

8) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

9) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне медициналық-әлеуметтік мекемелерде тамақтану нормаларын ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

10) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

11) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген

адамдарға; 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде майдандағы армия құрамына кірмеген әскери бөлімдерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызмет өткерген, "1941 - 1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе "Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, оның ішінде запасқа (отставкаға) шыққандарға, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеуге, сонымен қатар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдері, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

11-1) осы қаулыға 13-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне "Мак" операциясын жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

12) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер сомасын бөлу;

13) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер сомасын бөлу;

14) осы қаулыға 16-қосымшаға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне "жалғыз терезе" қағидаты бойынша халыққа қызмет көрсетуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер сомасын бөлу;

15) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен ауыз су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

15-1) осы қаулыға 17-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

16) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және Астана және Алматы қалаларының көшелерін күрделі және орташа жөндеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

17) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұқым шаруашылығын қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

18) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

19) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдарын және басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

20) осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын және сапасын арттыруды қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

21) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

22) осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызу мен өсіруді қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

23) осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мал шаруашылығы өнімділігін және өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

24) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қазақстандық мақта талшығының сапасына сараптама жасауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

25) осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

26) осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін берілетін бюджеттік кредиттердің сомасын бөлу;

27) осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға:

негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер құруға берілетін ағымдағы трансферттердің сомасын бөлу;

28) осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасында кәсіптік және техникалық білім беруді дамытудың 2008 - 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде кәсіптік лицейлер үшін шетелдік ағылшын тілі оқытушыларын тартуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

29) осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға:

жергілікті деңгейде медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға;

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

30) осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға стипендиялардың мөлшерін ұлғайтуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

31) осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттердің аражігін ажырату шеңберінде қоршаған ортаны қорғау саласында берілетін функцияларды іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

32) осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2009 - 2011 жылдарға арналған "Нұрлы көш" бағдарламасын іске асыру шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансферттерінің сомасын бөлу;

33) осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2009 - 2011 жылдарға арналған "Нұрлы көш"

бағдарламасын іске асыру шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға берілетін бюджеттік кредиттердің сомасын бөлу;

34) осы қаулыға 36-қосымшаға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансферттерінің сомасын бөлу;

35) осы қаулыға 37-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансферттерінің сомасын бөлу;

36) осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға сыйақының нөлдік ставкасы бойынша берілетін бюджеттік кредиттердің сомасын бөлу;

36-1) осы қаулыға 38-1-қосымшаға сәйкес Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне коммуналдық техниканы сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

37) осы қаулыға 39-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін беруге байланысты облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен түсетін трансферттер түсімдерінің сомасын бөлу;

38) осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде көзделген әлеуметтік салық пен жеке табыс салығының салық салынатын базасының өзгеруін ескере отырып бюджет саласындағы еңбекақы төлеу қорының өзгеруіне байланысты облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен түсетін трансферттер түсімдерінің сомасын бөлу;

38-1) осы қаулыға 40-1-қосымшаға сәйкес көлік құралдарына мемлекеттік техникалық байқау жүргізу жөніндегі функцияларды беруге байланысты облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен түсетін трансферттер түсімдерінің сомасын бөлу;

39) осы қаулыға 41-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің сомасын бөлу;

40) осы қаулыға 41-1-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне халықаралық маңызы бар іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

41) осы қаулыға 41-2-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне "Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасы шеңберінде жеке меншік кәсіпкерлікті қолдауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

42) осы қаулыға 41-3-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне "Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттерінің сомасын бөлу;

43) осы қаулыға 41-4-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көші-қон полициясының қосымша штат санын ұстауға, материалдық-техникалық жарақтандыруға, оралмандарға құжат беруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;"

44) осы қаулыға 41-5-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Оралмандарды уақытша орналастыру орталығын және Оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталығын ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.31 № 250, 2010.05.12 № 406 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.10.12 № 1053, 2010.11.29 № 1274 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

4. 2010 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттан өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде жұмыспен қамтамасыз етуге облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мынадай іс-шараларды қаржыландыруға ағымдағы нысаналы трансферттерді және нысаналы даму трансферттерін аудару үшін 101 634 921 мың теңге мөлшерінде сома бөлінсін:

мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерді күрделі және ағымдағы жөндеуге, сондай-ақ білім беру объектілерінің сейсмостұрақтылығын күшейтуге 32 897 630 мың теңге, оның ішінде мынадай республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша:

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне 2 217 076 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігіне 2 688 724 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне 17 695 641 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне 1 455 991 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне 8 761 648 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігіне 78 550 мың теңге.

Осы қаулыға 42-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік

объектілерді күрделі және ағымдағы жөндеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын, сондай-ақ Алматы қаласының және Алматы облысының бюджетіне білім беру объектілерінің сейсмостұрақтылығын күшейтуге берілетін нысаналы даму трансферттерінің сомасын бөлу бекітілсін;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне - облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қалалардың және елді мекендердің көшелерін жөндеуге және ұстауға, сондай-ақ салуға және реконструкциялауға 19 490 848 мың теңге.

Осы қаулыға 43-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қалалардың және елді мекендердің көшелерін жөндеуге және күтіп-ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын, сондай-ақ облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қалалардың және елді мекендердің көшелерін салуға және қайта жаңартуға берілетін ағымдағы даму трансферттерінің сомасын бөлу бекітілсін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне - кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға 3 607 890 мың теңге.

Осы қаулыға 44-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу бекітілсін;

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі - инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеуге және дамытуға және қалалар мен елді мекендерді жайластыруға 32 962 031 мың теңге.

Осы қаулыға 45, 46-қосымшаларға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қалалар мен елді мекендердің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын жөндеуге және жайластыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын, сондай-ақ облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне қалалар мен елді мекендердің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға және жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттерінің сомасын бөлу бекітілсін;

Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігіне кадрларды даярлауға және қайта даярлауға 4 553 265 мың теңге.

Осы қаулыға 47-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне кадрларды даярлауға және қайта даярлауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу бекітілсін;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне әлеуметтік жұмыс орындары және жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге 6 284 965 мың теңге.

Осы қаулыға 48-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын бөлу бекітілсін;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің денсаулық сақтау объектілерін күрделі және ағымды жөндеуге 1 000 000 мың теңге.

Осы қаулыға 49-қосымшаға сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің денсаулық сақтау объектілерін күрделі және ағымды жөндеуге берілетін соманы бөлу бекітілсін;

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрілігіне мәдениет объектілерін күрделі және ағымды жөндеуге 838 292 мың теңге.

Осы қаулыға 50-қосымшаға сәйкес мәдениет объектілерін күрделі және ағымды жөндеуге берілетін соманы бөлу бекітілсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.25 № 233, 2010.05.12 № 406 (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.08.23 № 827, 2010.09.27 № 980, 2010.10.12 № 1053, 2010.11.29 № 1274 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі уәкілетті орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп, облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру үшін бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді және нысаналы даму трансферттерін аударуды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен және уәкілетті орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен бірлесіп, өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға бөлінген қаражаттың мақсатты әрі тиімді пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулыға 51-қосымшаға сәйкес мемлекеттік тапсырмалардың тізбесі бекітілсін.

8. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен келісім бойынша 2010 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес инвестициялық жобалар мен 42 - 48-қосымшаларға сәйкес өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде қаржыландырылатын инвестициялық жобалар бойынша заңнамада белгіленген

тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы бекітіп беру туралы шешімді бекітсін.

9. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2010 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде:

1) ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарына олардың негізгі және айналым қаражатын толықтыруға қаржы институттары беретін кредиттер бойынша, жабдықтар лизингі бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау;

2) облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің осы қаулының 3-тармағының 13), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24) тармақшаларында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы ережелердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

10. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2010 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру шарттарын айқындау туралы шешімнің жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

11. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, 2010 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратылған қарыз алушыларға Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген актілерінің негізінде бұрын "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" акционерлік қоғамының теңгеріміне берілген кредиттер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің талаптарын тоқтату туралы шешімнің жобасын заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

12. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі:

2010 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің осы қаулының 3-тармағының 1), 5), 29) тармақшаларында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.31 № 250 Қаулысымен.

13. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

2010 жылғы 15 сәуірге дейінгі мерзімде жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, 012 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға, Алматы облысының облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне білім беру объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейту үшін берілетін нысаналы даму трансферттері"

бюджеттік бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттерден бірлесіп қаржыландыруды ескере отырып, жаңа білім беру объектілерін салуға көзделген қаражатты бөлу туралы шешімнің жобасын;

2010 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің осы қаулының 3-тармағының 2), 3), 27), 28) тармақшаларында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы шешімнің жобасын;

2010 жылғы 15 сәуірге дейінгі мерзімде облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің осы қаулының 3-тармағының 15-1) тармақшасында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібін анықтау бөлігінде "Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің білім беруге 2010 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 5 наурыздағы № 177 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.31 № 250 Қаулысымен.

14. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

2010 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын әлеуметтік камсыздандыру объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы шешімнің жобасын;

2010 жылғы 15 ақпанға дейінгі мерзімде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға; 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде майдандағы армия құрамына кірмеген әскери бөлімдерде, мекемелерде, әскери-оқу орындарында әскери қызмет өткерген, "1941 - 1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе "Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, оның ішінде запасқа (отставкаға) шыққандарға, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеуге, сонымен қатар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдері, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс-шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына, жол жүруіне арналған шығыстарын төлеуді қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің пайдалану тәртібі туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.31 № 250 Қаулысымен.

15. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау және Қаржы министрліктерімен бірлесіп, 2010 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2009 - 2011 жылдарға арналған "Нұрлы көш" бағдарламасын іске асыру шеңберінде тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға кредиттер беру тәртібі туралы шешімнің жобасын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.03.31 № 250 Қаулысымен

15-1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп 2010 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінің осы қаулының 3-тармағының 14) тармақшасында көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі туралы шешімнің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Ескерту. Қаулы 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.03.31 № 250 Қаулысымен.

15-2. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп 2010 жылғы 30 мамырға дейінгі мерзімде:

"Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікке мемлекеттік қаржылай қолдау көрсету тәртібі шешімінің жобасын;

"Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасы шеңберінде көзделген қаражатты пайдалану тәртібі шешімінің жобасын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Ескерту. Қаулы 15-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.03.31 № 250, өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.05.12 № 406 (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

16. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.05.12 № 406 (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

17. Жергілікті атқарушы органдар 2010 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде осы қаулыға 1-қосымшада көзделген объектілерді салуға және реконструкциялауға арналған конкурстық рәсімдерді заңнамада белгіленген тәртіппен жариялауды қамтамасыз етсін.

18. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.03.31 № 250 Қаулысымен.

19. Орталық атқарушы органдар 2010 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізсін.

20. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.10.12 № 1053 Қаулысымен.

21. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2009 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 2162 Қаулысына

1-қосымша

**2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджеттен
қаржыландырылатын республикалық бюджеттік инвестициялық
жобалардың тізбесі**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.11.29 № 1274 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.13 N 1349 қаулыларымен.

Функционалдық топ				Атауы	Сомасы, мың теңге		
	Әкімші				2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл
		Бағдарлама					
			К і ш і бағдарлама				
1				2	3	4	5
				БАРЛЫҒЫ:	300 663 013	314 320 100	329 560 939
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	14 434 702	6 143 339	12 277 235
	104			Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі		200 128	901 131
		021		Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Ахуал орталығын құру		200 128	901 131
				оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
				Өзгелер			
				Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Ахуал орталығын құру		200 128	901 131
	204			Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі	3 308 437	2 751 091	2 751 091
		009		Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу	3 308 437	2 751 091	2 751 091
				оның ішінде инвестициялық жобаларға:			

			Өзгелер			
			Германия Федеративтік Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің әкімшілік ғимараты, тұрғын үй құрылысы және резиденцияны реконструкциялау	995 510	637 230	
			Украинада Қазақстан Республикасы Елшілігінің ғимараттар кешенін салу	1 528 427	1 528 427	
			Өзбекстан Республикасында Қазақстан Республикасы Елшілігінің ғимараттар кешенін салу	784 500	585 434	1 669 673
			Беларусь Республикасында Қазақстан Республикасы Елшілігінің ғимараттар кешенін салу және жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу			540 709
			Моңғолияда Қазақстан Республикасы Елшілігінің ғимараттар кешенін салу			540 709
217			Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	9 928 087	1 975 814	8 260 381
	014		Кеден қызметін жаңғырту	120 267	423 404	423 404
		004	Сыртқы қарыздар есебінен	26 722	127 021	127 021
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Кеден қызметін жаңғырту	26 722	127 021	127 021
		016	Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру	93 545	296 383	296 383
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Кеден қызметін жаңғырту	93 545	296 383	296 383
		026	Кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылым объектілерін салу	3 954 073		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Алматы облысы			
			Алматы облысы "Қорғас" кедені үшін инженерлік қамтамасыз етілген 3 қабатты 18 пәтерлік тұрғын үй (2 дана) құрылысы	278 246		
			Жамбыл облысы			
			ББӨП "Нововоскресеновка" "Сыпатай батыр" кеден бекеті құрылысының аяқталуы	136 000		
			Маңғыстау облысы			
			Маңғыстау облысы "Тәжен" бірыңғай бақылау-рұқсатнамалық пункт құрылысы	185 850		
			Маңғыстау облысы "Темір-Баба" бірыңғай бақылау-рұқсатнамалық пункт құрылысы	194 797		
			Маңғыстау облысы Ақтау қаласындағы кедендік ресімдеу орталығымен кедендік бақылау департаменті ғимаратын салу	201 263		

			Өзгелер			
			ЖСҚ әзірлеу және жаңа талаптарға сәйкес оңтүстік шекарада 6 кеден бекеттерін қайта жаңғырту құрылысының басталуы (Майқапшағай, Бахты, Атамекен, Құлан, Қалжат, Қарасу)	508 000		
			ЖСҚ әзірлеу және 434 тез салынатын қызметтік тұрғын үйлер және кеден бекеттерінің қызметкерлеріне арналған жатақханалар құрылысының басталуы	2 449 917		
029			Қазынашылықтың ақпараттық жүйесін құру	350 122		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			Қазынашылықтың ақпараттық жүйесін құру	350 122		
031			"КААЖ" және "Электрондық кеден" ақпараттық жүйесін құру	477 886	500 000	500 000
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			"ККАЖ" және "Электрондық кеден" ақпараттық жүйесін құру	477 886	500 000	500 000
033			"Электрондық мемлекеттік сатып алу" автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту	70 070		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			"Электрондық мемлекеттік сатып алу" автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту	70 070		
035			Қазынашылық объектілерін салу және реконструкциялау	3 723		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Алматы облысы			
			Талдықорған қаласының Қазынашылық ғимаратына құрылыс жалғастыру	3 723		
036			Салық заңнамасын өзгертуге байланысты салық органдарының ақпараттық жүйелерін жаңғырту	1 845 161	205 301	205 301
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			Салық заңнамасын өзгертуге байланысты салық органдарының ақпараттық жүйелерін жаңғырту	1 845 161	205 301	205 301
040			Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарын құру	594 030		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарын құру	594 030		

	055		Қаржылық бақылау жүргізудің ақпараттық жүйесін құру және дамыту	399 706		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			Қаржылық бақылау жүргізудің ақпараттық жүйесін құру және дамыту	399 706		
	061		"е-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау	2 113 049	847 109	7 131 676
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			"е-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау	2 113 049	847 109	7 131 676
220			Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі	110 235	495 458	189 632
	003		Мемлекеттік жоспарлау саласында ақпараттық жүйені құру және дамыту	110 235	495 458	189 632
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			Мемлекеттік жоспарлау саласындағы ақпараттық жүйені құру және дамыту	110 235	495 458	189 632
603			Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі	1 053 943	720 848	175 000
	011		Мемлекеттік деректер базасын құру	275 577	165 000	135 000
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			"Е-лицензиялау" МДҚ ақпараттық жүйесін құру	275 577	165 000	135 000
	012		Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру	778 366	555 848	40 000
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру	778 366	555 848	40 000
606			Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі	34 000		
	011		"е-Статистика" интеграцияланған ақпарат жүйесін құру және дамыту	34 000		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			"е-Статистика" интеграцияланған ақпарат жүйесін құру және дамыту	34 000		

02			Қорғаныс	28 778 627	9 674 136	2 890 160
	202		Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі	21 275 482	3 127 720	
		003	Төтенше жағдайлардан қорғау объектілерін салу және реконструкциялау	21 275 482	3 127 720	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Ақмола облысы			
			Ақмола облысы Щучинск қаласындағы бір мезетте алты машина шығатын өрт депосының құрылысы	321 067		
			Ақмола облысы Щучинск ауданы Щучинск қаласының Заречный шағын ауданындағы бір мезетте алты машина шығатын өрт депосының құрылысы	264 294		
			Ақмола облысы Щучинск ауданы Бурабай кентінің Зеленый бор ауылындағы бір мезетте алты машина шығатын өрт депосының құрылысы	283 230		
			Астана қаласы			
			Астана қаласын Есіл өзенінің тасқын сулары жайылуынан қорғау	4 895 870		
			Тілендиев даңғылындағы (Астрахань тас жолындағы) алты автомобильге арналған өрт депосының, ғимараттары мен құрылыстарының кешені	397 563		
			Оңтүстік Қазақстан облысы			
			Оңтүстік Қазақстан облысының Сырдария өзеніне тасқын суға қарсы Көксарай контрреттегішін салу	15 000 000	3 127 720	
			Өзгелер			
			Қызмет бабында пайдалану үшін	113 458		
	208		Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі	7 503 145	6 546 416	2 890 160
		004	Қарулы Күштердің объектілерін салу	7 503 145	6 546 416	2 890 160
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			Қызмет бабында пайдалану үшін	7 503 145	6 546 416	2 890 160
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	11 576 943	9 423 437	3 324 292

201		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі	2 869 768	3 776 197	2 697 100
	006	Ақпараттық жүйені дамыту	360 236	317 844	
		оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
		Өзгелер			
		"ЖКО" автоматтандырылған ақпараттық-іздігіру жүйесі		164 570	
		"Бақылау" автоматтандырылған ақпараттық-іздігіру жүйесі	213 730		
		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық веб-порталын құру	146 506		
		"Жедел есепке алу" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі		153 274	
	007	Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік объектілерін салу, реконструкциялау	2 350 532	3 250 000	2 366 345
		оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
		Ақмола облысы			
		Ішкі әскерлердің Ақмола облысының Степной кентіндегі түзеу мекемелерін күзету жөніндегі әскери қызметшілерін орналастыруға арналған объектілерді салу	500 000	401 500	
		Ақтөбе облысы			
		Ішкі әскерлердің Ақтөбе облысының Жем кентіндегі түзеу мекемелерін күзету жөніндегі әскери қызметшілерін орналастыруға арналған объектілерді салу		98 500	404 981
		Астана қаласы			
		Астана қаласында Ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне арналған тұрғын үйі бар үлгілік әскери қалашық салу	1 800 000	2 000 000	1 116 345
		Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Астана қаласындағы дипломатиялық өкілдіктерін күзету жөніндегі Полиция полкін орналастыруға арналған ғимараттар мен құрылыстар кешенін салу		750 000	750 000
		Жамбыл облысы			
		Ішкі әскерлердің Жамбыл облысының Тараз қаласындағы түзеу мекемелерін күзету жөніндегі әскери қызметшілерін орналастыруға арналған объектілерді салу			95 019
		Маңғыстау облысы			
		Жаңаөзен қаласында типтік әскери қалашық салу	50 532		
	008	Деректер берудің спутниктік желісі мен телефонияны жаңғырту және дамыту	159 000	208 353	330 755
		оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
		Өзгелер			

			Деректер берудің спутниктік желісі мен телефонияны жаңғырту және дамыту	159 000	208 353	330 755
221			Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі	85 495		
	004		Қылмыстық-атқару жүйесі объектілерін салу және реконструкциялау	85 495		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Шығыс Қазақстан облысы			
			Шығыс Қазақстан облысы бойынша Солнечный поселкесіндегі түзеу мекемесінде жаңа бу қазандығын салуға ЖСҚ әзірлеу	37 947		
			Батыс Қазақстан облысы			
			РУ 170/3 мекемесін Батыс Қазақстан облысы Орал қаласындағы 900 орындық қатал режимдегі түзету колониясын қайта жаңарту	13 688		
			Қызылорда облысы			
			Қызылорда қаласындағы ЗК-169/5 мекемесін қайта жаңарту және кеңейту	33 860		
410			Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті	7 739 637	5 390 867	627 192
	002		Ұлттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бағдарламасы	7 739 637	5 390 867	627 192
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			Құпия	7 739 637	5 390 867	627 192
501			Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	244 747	213 373	
	002		Қазақстан Республикасы сот жүйесі органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесін құру	244 747	213 373	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			Қазақстан Республикасы сот жүйесі органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесін құру	244 747	213 373	
502			Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы	594 296		
	003		Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесін құру	377 708		
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Өзгелер			
			Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнаулы есепке алу комитетінің бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесін құру	377 708		

	008	Прокуратура органдары үшін объектілер салу, реконструкциялау	216 588		
		оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
		Ақмола облысы			
		Ақмола облысы Ақмол селосында Целиноград аудандық прокуратурасының әкімшілік ғимаратын салу	70 372		
		Алматы облысы			
		Алматы облысы Қаскелең қаласы прокуратурасының әкімшілік ғимаратын салу	146 216		
618		Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)	43 000	43 000	
	003	Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйені құру	43 000	43 000	
		оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
		Өзгелер			
		Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйені құру	43 000	43 000	
04		Білім беру	11 257 505	9 016 666	1 690 213
	201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі		1 500 000	1 500 000
	013	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау		1 500 000	1 500 000
		оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
		Алматы облысы			
		Алматы облысының Заречный кентіндегі арнайы мақсаттағы бөлімшелерге арналған әскери қалашығы бар "Бүркіт" жауынгерлік және әдістемелік дайындық оқу орталығының құрылысы		1 500 000	1 500 000
	212	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	217 972	226 569	
	007	Ауыл шаруашылық саласындағы білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	217 972	226 569	
		оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
		Астана қаласы			
		Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік аграрлық техникалық университетінің техникалық факультетінің оқу корпусын салу	217 972		
		Астана қаласының С. Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік аграрлық техникалық университетінің жатақханасын салу		226 569	
	225	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	11 008 135	7 290 097	190 213

		004	Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту	214 499	176 230	190 213
		004	Сыртқы қарыздар есебінен		84 440	91 195
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту		84 440	91 195
		016	Республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен	214 499	91 790	99 018
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру жобасы бойынша инновациялық жүйенің желілерін дамыту	214 499	91 790	99 018
		005	Білім және ғылым объектілерін салу және реконструкциялау	10 793 636	7 113 867	
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Алматы облысы			
			Алматы облысы Есік қаласында 250 орынды көзі нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернат салу	1 029 815		
			Атырау облысы			
			Атырау облысы Атырау қаласында мұнай-газ саласы үшін техникалық және қызмет көрсететін еңбек кадрларын дайындау және қайта даярлау бойынша 700 оқушылық орынға арналған аймақаралық кәсіптік оқу орталығын салу	1 580 778		
			Шығыс Қазақстан облысы			
			Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында 700 орындық машина жасау саласы үшін техникалық қызмет көрсету және өңдеу саласындағы қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлауға арналған өңіраралық кәсіби орталығын салу	155 480	1 991 009	
			Күршім ауданының Барақбатыр ауылында 132 орынға арналған мектеп салу	285 023		
			Тарбағатай аудандық Жантікей ауылында 180 орынға арналған мектеп салу	392 111		
			Астана қаласы			
			Астана қаласындағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат	75 775		
			Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті үшін Астана қаласы А. Иманов және А. Пушкин көшелерінің қиылысы аймағында (А. Янушкевич көшесі, 6-үй) жатақхана салу	517 834		
			Ломоносов атындағы ММУ-нің Қазақстан филиалы үшін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 500 орынға арналған жатақханасы бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу	41 420		
			Алматы қаласы			

			"Қазақстан Республикасының орталық ғылыми кітапханасы" РМҚК ғимараттарының кешенін реконструкциялау	951 636		
			Алматы қаласында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 450 орындық жатақханасын салу	24 470		
			Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің университеттік қалашығының екінші кезектегі объектілерін салу	1 600 297		
			Батыс Қазақстан облысы			
			Орал қаласындағы Жәңгір-хан атындағы БҚАТУ аймағында 560 орынға 9-қабатты жатақхана салу	282 762	671 445	
			Қарағанды облысы			
			Қарағанды облысының Қарағанды қаласында көру қабілетінің проблемалары бар балаларға арналған 250 орындық мектеп-интернат салу	86 125		
			Қызылорда облысы			
			Қызылорда қаласындағы Қорқыт-Ата атындағы ҚМУ-нің мұнай және газ факультетінің оқу кешені. Спорттық сауықтыру кешенін салу.	226 563		
			Маңғыстау облысы			
			Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы Каспий технология университетінің жатақхана құрылысы	750 000		
			Павлодар облысы			
			Беркімбаев-Московская көшелерінің қиылысында орналасқан көлемі 8,0 гектар (Екібастұз қаласындағы 700 орынды отын-энергетика саласына арналған) техникалық және қызмет көрсететін еңбек кадрларын даярлау бойынша регионарлық кәсіби орталығын салу	1 707 541	1 788 591	
			Оңтүстік Қазақстан облысы			
			Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласында өңдеу саласы үшін қызмет көрсететін және техникалық мамандарды даярлау және қайта даярлауға арналған 700 орындық өңіраралық кәсіби орталық салу	155 006	872 072	
			Түркістан қаласындағы Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медициналық оқу корпусын салу	925 000	1 575 000	
			Түркістан қаласындағы Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина мамандарына арналған 500 орындық жатақхана салу	6 000	215 750	
	226		Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	31 398		
		026	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	31 398		
			Оңтүстік Қазақстан облысы			
			Шымкент қаласындағы мемлекеттік медициналық академиясының Әл-Фараби, 36 алаңындағы бұрын бөлінген жер учаскесіндегі спорт және лекция залдарының құрылысы	31 398		

			және Шымкент қаласындағы мемлекеттік медициналық академиясының Әл-Фараби, 36 алаңындағы төрт қабатты оқу корпусын салу			
05			Денсаулық сақтау	22 968 673	14 777 882	26 325 650
226			Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	22 896 705	14 777 882	26 325 650
	016		Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	17 478 458	3 378 649	12 461 193
			оның ішінде инвестициялық жобаларға:			
			Алматы қаласы			
			Алматы қаласындағы "С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті" РМҚК 300 төсекке арналған көп бейінді ауруханасын салу			3 000 000
			Алматы қаласындағы көз ауруларының ҒЗИ "Құрмет белгісі" Қазақ орденді РМҚК-ны қайта жаңғырту және кеңейту			461 193
			Алматы қаласындағы "Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы" РМҚК жанынан 150 төсекке арналған емдеу корпусын салу (түзету)	1 333 514		
			Алматы қаласындағы 125 төсекке арналған "Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығының жататын корпусы құрылысы жобасының жоба-сметалық құжаттамасын түзету және ведомстводан тыс мемлекеттік сараптама жүргізу	4 838		
			Астана қаласы			
			Астана қаласындағы 180 төсектік кардиохирургиялық орталықты салу	9 135 418	2 734 399	
			Астана қаласында "Қазақ мемлекеттік медициналық академиясы" РМҚК 300 төсекке көп бейінді ауруханасын салу			3 000 000
			Астана қаласындағы Травмотология және ортопедия ҒЗИ РМҚК -на қабылдау бөлімшесі бар 4 қабатты операциялық блокты жалғап салу	1 622 702		
			Астана қаласындағы жедел-жәрдем станциясы бар 240 төсектік жедел медициналық көмек көрсету ҒЗИ салу	223 218		
			Астана қаласындағы "Қазақ мемлекеттік медициналық академиясы" РМҚК жанынан 300 төсекке арналған көп бейінді аурухана салуға арналған жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеу және ведомстводан тыс мемлекеттік сараптама жүргізу	9 681		
			Астана қаласындағы Сары-Арқа және № 23 көшелерінің қиылысында 180 төсектік республикалық кардиохирургиялық орталық (Инженерлік жүйелер)	48 020		
			Қарағанды облысы			
			Қарағанды облысы "Қарағанды мемлекеттік медициналық академиясы" РМҚК жанынан 300 төсекке арналған көп бейінді ауруханасын салу			3 000 000

			Павлодар облысы			
			Павлодар облысы Павлодар қаласындағы 50 төсектік Павлодар өңірлік кардиохирургиялық орталықты салу	5 101 067	644 250	
			Оңтүстік Қазақстан облысы			
